

МУҲТАР ҲҮЕЗОВ

12007

3806к

Алтынбек





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

“ӘУЕЗОВ ҮЙІ” ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

# Мұхтар Әуезов

ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚЖИНАҒЫ

26-том

1949–1950

АЛМАТЫ  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”  
2007

**ББК 84 (5 Қаз) 7-44**

**Ә 82**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнө ақпарат министрлігі Ақпарат жөнө мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Әуезов М.**

**Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 26-т. — Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2007. — 408 бет.**

**ISBN 9965-759-49-9**

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 26-томына “Ақын аға” кітабы енді.

Кітап ғылыми жүргіштылыққа, қалың оқырман қауымға арналады.

**ББК 84 (5 Қаз) 7-44**

**Редакциялық кеңес:**

Әуезов М., Әкім Т. (жсауды хатшы), Бердібаев Р., Кекілбаев Ә.,  
Қанатиев Б., Қасқабасов С. (кеңес төрагасы), Қирабаев С., Қонаев Д.,  
Құл-Мұхаммед М., Магаун М., Майтапов Б. (кеңес төрагасының  
орынбасары), Мұртаза Ш., Нұргалиев Р., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н.,  
Сүлейменов О., Тасмагамбетов И.

**Редакциялық алқа:**

Елеуkenov Ш., Есім F., Құндақбаев Б., Нарымбетов Ә., Сыздықов K.,  
Ысмагұлов Ж., Ісімақова A.

**Жауапты шығарушы — Болсынбаева A.**

**Ғылыми түсініктемесін жазған — Әкім Т.**

**Томды баспаға дайындағандар:**

Ахетов M., Әбдігүлов Р., Әкім Т., Болсынбаева A., Рахымжсанов K.,  
Қайшибаева Р., Қанықейұлы Е., Майлайбай С.

**Ә  $\frac{4702250201}{430 (05) - 07}$  хабарланбаған — 2007**

**ISBN 9965-759-49-9**

**ISBN 5-628-02141-5**

**© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты, 2007**

# АҚЫН АҒА

роман





## **АБАЙ АҒА**

### **I**

Күз аспаны күңгірт, бұлышығыр. Әуеде дымқыл сыз бар.  
Таң салқыны қазір күздін сүйк желіне айналған. Маңайда  
қызырып солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айрылған  
тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен  
бозғыл көде, жусан – бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас  
шүлғып, елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазық-  
та көп бұлышнап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жана-  
да атқан. Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің  
аттарының түяғын жылтыратып, шашасына шейін сулан-  
дырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргінші-  
лер – ерте көшкен ауылдың ер-азаматы. Көшіп келе жат-  
қан Абай аулы мен көрші ауылдар. Сол көштің алдында  
ұзаңқырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның  
жас достары, ақын-әнші серіктегі. Топтың алдыңғы қата-  
рында Абай, Көкбай, Шұбар ұшеуі өзгелерден озыңқыраң,  
оңаша әңгімелесіп барады. Артқы топ Ақылбай, Магаш,  
Кәкіттай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен  
Баймағамбет бір бөлек келеді.

Жүрістің ертелік мазасыздығына қарамай, күн райының  
мұнды, сүрқай көңілсіздігіне қарамай, ортадағы жастар  
тобы үнемі дабырлап сөйлесіп, әзілдесіп, күліп келе жатыр.  
Шетінен ақын жастар болғандықтан, бұлар соңғы кездер-  
де өлең шығарудың әр алуан үлгілерін байқап көрісетін.  
Үйде отырса, жазып айтатын ақындар топқа кезіксс, дом-

быраға қосылып, ән шырқайтын. Ал, осындай атұсті, жолжөнскейде аға ақын Көкбайдың қоздыруымен жарысқа да түсе берісетін.

Осы соңғы күндерде Көкбай бір алуан жарыс үлгісін айтқан еді. Ол – төрттік жырды төрт ақын болып, іліп-қағып айтатын бір дәстүр.

Кейінгі топтың жол ұзақтығын, мезгіл жүдеулігін елемей, көңілді құлқімен келе жатуына қазірде де себеп болған – сол іліп-қақпа өлсіндер. Бірін-бірі ет ауыртпайтын өзілмен мысқылдап, өнерге де бәсекелеседі, құрбылық өзілде де дамылсыз тайталасады. Енді бір кезекте Мағаш ат үстінде құныса түсіп, Кәкітай мен Ақылбайға қарап, тағы бір төрттіктің алғашқы бір жолын оқыс бастады:

Күз жетті ме, бәтір-ау, неге тоңдым, –

дегендеге, бағанадан кезек қағысып, шапшаңдыққа өзде-рін қайрағандай боп, өзірлікте келе жатқан ақын жігіттер тегіс слең ете қалысты. Бірақ алдымен іліп өкеткен Ақылбай болды:

Тоңғаның рас, бозарып түсің де онды.

Ендігі кезекті Дәрмен айтуға бейімделді. Ол – бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр, айтқышы. Дәрмен бағанадан бергі дағдысымен төрттіктің соңғы екі жолын тағы өзі бітіруге ыңғайланғанда, Мағаш қатарында келе жатқан Дәрменнің тізгінін ұстал, құліп тұрып өзіл айтты:

– Дәрмен, сен шабытыңды ірке тұр. Бағанадан бері есеміз мына Кәкітайда кетіп барады. Бұл неге қосылмайды? Осы айтсын. Айт, кәне шапшаң! – деп, Мағаш көзін сығырайта күлді. Өзінің үнемі қатты қалжындастын құрдасы Кәкітайға қарады. Ол да осындай бір шабуылды тосқандай скен. Жолдастарын таң қалдыргандай оқыс өжесттік көрсесті. Өзінің шарылдаған қатты үнімен дауыстап тұрып, іле жонелді:

Бірің тоңып, бірің он, жұмысым жоқ,  
Ойна түк кірмейді Кәкітай шоңның<sup>1</sup> –

деп, қатты құліп жіберді.

Ақылбай баяу мінезімен таңырқаған бойында Кәкітайға бұрылды да, “шоңның” … деп, соңғы үйқасты қайталаپ:

– Бұл не деген үйқас?! – деді.

Дәл осы сәтте Мағаш пен Дәрмен Кәкітайды мысқыл етіп, Ақылбайдың құдігін қостап, күле жөнелісті.

– Қысылғаныңа көрінсін, Кәкітай, “шоңның” деген сөз жоқ. Өлең айтса, Кәкітайдың бір опқа жығылатынын білуші ем. Барып шыққан жерін қарасаңшы, – деп, Мағаш құліп келеді. Дәрмен де ақсия құліп:

– Бұл орыстан алған үйқасың ба, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп өкелдің, Кәке-ау? – деді.

Кәкітай олардың құлкісін біраз еркіндеп жіберіп, екі көзі құлімдеп, өзі де лекіте құлді де, енді жауаптасып, дауға кірісті:

– Өлеңнің сөзі, Мағаш пен Дәрмен айта беретін, күндеңгі көптің құлағына сіңген сөз бола ма екен? Кейде айшықты сөз әлдекайда алыстан кеп, осылай таңырқатып та кетуі керек. Мен білсем, осы төрттікті өлең ғып тұрган жалғыз менің үйқасым, – деді.

Бірақ жолдастары, бастығы Ақылбай болып, Кәкітайға қарсы жабыла дау айтты. Бұл топқа енді Баймағамбет пен Ербол кеп қосылды. Оларға да Мағаш өзінің сөзін мақұлдатпақ. Өлеңдерін қайталап айтысып, бәрі де жасы үлкен аға, Ерболдың төрелігін тілесті. Кәкітай айналадағының қаңқуы, ажуасы көбейген соң, көп құлкіні ауырламаса да, өзінің ісі дұрыстығын Ерболға қуаттатқысы келді. Оған жалынғандай, шағып сөйледі:

– Ербол аға, мыналардың орынсыз құлкі, жаман сықағын тыйыңызышы! Арашашы тіледім сізден! Құдай ақы,

<sup>1</sup> “Шоң” деген сөзді Арқа қазағы білмейді. Зор, үлкен деген мағынада қырғыз берінде онтүстік қазағы қолданады.

“шоңның” деген қазақ сөзі бар деп айтып беріңізші, мыналарға! – деді.

Ербол төреші болғандықтан, енді жүрттың бәрі жаттап алған төрттікті өзі тағы бір айтып, аз ойланып, бас шайқады. Кәкітайға жолдастары әлі күліп келе жатыр. Ербол оған жаны ашығандай қабак білдірсе де, жігітті қостай алмады.

– Айналайын Кәкітай, даусың шырылдағанда, жазықсыздан күйіп бара жатқандай көрінесің-ақ! Бірақ мен өлең сөздсі әділ би болатұғым. Баяғыда, Абай мен Куандықтың айтысында, Абайды Куандыққа жығып бергенем-ді. Сен арыз айтқаныңмен, зорлық етіп тұрсың. Қазақта “шоңның” деген сөз жоқ. Бұл өңірде арғы-бергіде біз естімеген сөз! – деді.

Кәкітай ендігі қалған Баймағамбетке жабысып, тағы да бұрынғысынан да даусын қатайтып, шарылдай түсіп:

– Ойбай-ау, мына жүрт не дейді, Бақа?! Естімеген сөзің жоқ, кәрі құлакты өзің ең. Өзің айтшы! – деп, содан үміт қып еді. Баймағамбет бағанадан “шоңның, шоңның” деген сөзді қайталап, күбірлеп, қабағын түйіп, айтып келе жаткан. Қазір ол өзінің тура кететін бірбеткейлігімен:

– Кәкітай, сенікі теріс! Ешбір ертегі-хикаяда “шоңның” деген сөз жоқ. Мұндай пәленді естіп көргенім жоқ! – деді.

Жүрт Кәкітайдың күйгелек мінезінен тағы бір оқыс нәрсес күтіп, даурыға тұсті. Бірақ ол әлі мойындаған да, жасыған да жоқ. Атын тебініп жіберіп:

– Ой, тәңірі-ай, жеріне жетпей Кәкітай жығылмайды. Анау Абай ағама жүгінемін. Жүр, білгіштерінді сонда көрермін, кәне! – деп, жорта жөнелді.

Қалған топтың барлығы да сар желіп отырып, Абайларды қыуп жетті.

Өзгелерден бұрын жеткен Кәкітай жаңағы қызу үстіндегі аңы үнмен Абайға дауларының жайын мәлімдеп келеді. Дау “шоңның” деген сөздің айналасында екенін білгенді, Кәкбай күліп жіберді. Ол бірдемені білетін сияқты. Кәкітай соған дәмелене қарады. Артқы аттылардың барлығы қатарына жеткен соң, Абай Ербол мен Баймағамбетке бұрылып:

– Мағашқа сен екеуің де қосылып, Кәкітайды жығып бердіндер ме, шынымен? – деп еді, Ербол қалжындал:

– Мен Кәкітай ғана емес, әділетіне келгенде, сені дс сан жерде жығып бергем. Сонымды істегем жоқ па? – деді.

– Жығып беру оңай ғой. Ұтықты төрелік айтсаң, жыққаның – жыққан. Ал Кәкітайдікі дұрыс болса, қайтесін? – дегенде, жаңағы желпініп келген аттылардың барлығы да аңырып қалды. Кейбіреулері сәл тоқтап, Абайдың аузына қадалды. Мағаш пен Ақылбай:

– Не дейсіз, аға?

– “Шоңын” деген сөз бар дейсіз бе? – дескен еді.

Кәкбай тамағын кенеп, қатты күліп, Мағаш пен Ақылбайды:

– Қарағым-ау, Кенгіrbай, Өскембайдан басқаны, немесе нағашың Қазыбектен басқаны естімеген жан ба едіндер, сендер? – деп, кінәлай мысқылдады. Содан ары Абай сөйлеп кетті:

– Мына Кәкбайдың аңғарынан түйген боларсыңдар. Қазақта “Шоң” деген кісі аты да бар. Кісі болғанда Шон, Торайғыр деген ағайынды екеуі бірдей суырылған шешен. Сүйіндік ішінен шыққан қос өркештей адамдар болған. Олар айтты деген нақыл-тақпақ исі Орта жүзге мәлім. Ал, сол “шоң” деген сөздің түп төркіні, мен білсем, қазақ сөзі емес. Мына Ұлы жұз, Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі ыргактарында да ұшырап отырады. Осы сөздің асыл түбі қырғыздан ба деп топшылаймын. Қалай да, Кәкітай бәрінді қирата жеңіп отыр. Ортаңда өзін “ақын емеспін” деп, ең момын ұстайтының осы еді. Өзгеңнің бәріңнің деміңе наң піседі. Бірақ бар ақынды үйелменіңмен бір араға үйіп-төгіп, жеңіп кеткен деген осы емес пе? Шынында, “тондым”, “ондымдарыңа” ерекк ақын болып, қайратты ажар берген Кәкітай. Өлеңге өлеңдік қасиет бітірген осының осы ғана өр сөзі! Ал, жеңілгендерінді өздерің білмесен, біз айтайық: шалжия жығылып, шалқасынан сұлап түсті деген осы, ақын Мағаш, Ақылбай! – деп, Абай мысқыл етті.

Жеңген Кәкітай да, жеңілген ақындар да, оларды құлтаушылар да Абайдың зілсіз сықағына мәз бола түсті.

Жүргіншілер Ералының қазірде қуан тартқан шалғынын біраз аралап етті. Топтың алдына таман озғындап келе жатқан Абай бір кішкене төбешікке қарай тартты. Ол төбенің басына шыққанда, барлық аттылар сәл ғана томпиып жатқан ескі екі моланы көрді. Жастардың жүзінде Абайдың бұл молаға тоқтағанына таңырқау бар. Олар бұл ескі моланың кімнен қалған көне белгі екенін білмеуші еді. Абай атының басын өзгелерден оздырыпқырап кеп, қос молаға көз жіберіп, көп үнсіз тұрып қалды.

Бұның селдір сұлу сақалына енді сәл ғана ақ аласқан. Айналасына азырақ әжім жиылған мұнды көзін кейде қысыңқырап қарайды. Кейде, өлдебір құндерді алаңсыз көнілмен есіне түсірмектей, көзін жұмып тұрып, ойланып қалады. Шұбар мен Дәрменнің қолындағы екі кек қаршыға да молаға таман бас изей түсіп, оқыс бір аңды күткендей, қадалып қапты. Алтын сары көздерін кірпік қақпай шашылтады. Шабыттағы бапты құстар қапысыз сәтті бағып тұр.

Көпке түсініксіз түрде бірталай үнсіз тұрып қалған Абай, бір кезде денесін бұрмай, оң қолын ғана көтеріп, артына қарай қайырды да, жігіттерге белгі етті. Барлық топ көрнекісіз молаға әлі де таңырқай қарап, Абайдың қатарына келді. Ат түқтаратының тықыры басылып, жұрт тегіс тыныш жым-жырттыққа ауысқанда ғана, Абай сөз қатты. Ақырын, қоңыр үнмен сөйлей бастады.

– Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне, биыл жұз рет жадырап жаз, кірбең тартып күз кепті. Сол бір ықылымнан бергі көп буындар тіршілігінің үнсіз куәсі – осы мола. Бұл қос мола – ішіне аса бір ауыр сыр бүккен молалар. Шанда бір осы тұска соғып өткенде, өлдебір арылмаған қарызым бардай боламын. Ақындық қарызым сияқтанады. Бұнда жатқан бір қыз, бір жігіт. Жігіті Кебек, қызы Еңлік атанушы еді! – деген кезде Абайдың үні ажарланып, машықты қалпына ауысып, қатаң сөйледі.

– Осы екеуін махабbat үшін өз елінің қатал үкімі өз замандастарының қолымен, зорлықпен өлтірткен болатын.

Жұз жылдан бұрын да, содан кейін, дәл бүгінгі күнге шейін де, ұлға тұсау, қызға бұғау болған ел заңы осы екеуін ат құйрығына байлатып, сүйретіп өлтірткен.

Абай аз тоқтап, күз желінің суылдай соққан лебінен әл-дебір суық сарын есіткендей болады. Аласа төбенің селсуз мен көдесі қалтырай түсіп, бас шұлғып, баяғы бір ескі зардың болғанына қуәлік айтқандай. Абай қарасөзбен ескі бір баллада сазын шертіп түрғандай.

– Еңлік пен Кебек құғыннан қашып, аңдай боп, мына Орда тауын паналап, азғантай ғана дәурен сүрген-ді. Сол бүйірмажан махабbat, достықтан біткен екеуінің баласы, жөргектегі нәрестесі – жас ұлан әкесі мен шешесінен айрылған күні, жөргегінде жылаған күйінде, мынау шеткі Ақшоқының есіз биігінің басына апарып тасталды. Сол күні, қаза күні байып, батқанша шегі қатып, жылап жатты. Суық дүние, тылсым дүние ортасында, тасбауыр адамнан алыс, жалғыздықта... үні өшті. Мәнгі өшті!.. – деді де, Абай сөзін бітірді.

Жастар үріккендей боп, түйілген қабақпен, шошынған жүзбен қарасады. Ең алғаш шапшаң үн қатқан Дәрмен сді.

– Кімнің бүйірғы солай етті, Абай аға-ау!

– Өлтірген кім?

– Өлтірткен кім? – десіп Мағаш, Кәкітай да сұрасты.

– Өлтірткен Кеңгіrbай! Осы түрған көбіміздің атамыз. Сол күндегі елдің анандай иен көшін бастаған әруағымыз Кеңгіrbай! – деп, Абай айнала түрған жастардың түрінс барлағандай, бағып қарады.

Бұл сөзге Шұбар сескеніп қалғандай болды. Өзге жастар аңырғандай. Тек Дәрмен ғана:

– Әруағың да өзі, жастарының жендеті де өзі болғаны ма? – дегенде, Абай оған сәл сүйсіне қарады.

Шұбар Дәрменді қағып:

– Тек, аңдалап сөйле! – деп қалды.

Абай Дәрмен жүзіндегі басылмаған ақындық үшқынды танып түр.

– Содан бері ол шынжыр қазақ қызының мойнына бұрынғыдан да бата түсті!.. – деп, тағы тоқтады.

Осы кезде қолындағы қаршығасындағы екі көзі оттанып, үшқындаған Дәрмен оқыс бір оймен тұтанғандай болды.

– Абай аға, рұқсат етіңізші! Жұз жыл бойында талай жолаушы мен өткінші Еңлікке өзі білген құранын оқып, бата қылды фой. Олары тие берсін! Мен бүгін сол Еңліктер жүргіне арналған басқаша, өзгеше бір құран оқынын. Соған рұқсат па екен? – деді.

Абай іркілген жоқ. Дәрменге қызыққандай, жылы шыраймен қарады да: “оқы!..” – деді.

Сол белгіні күткен Дәрмен:

– Ендеше, Еңлік-Кебек құраны мынау болсын, – дей салып, тамағын кенеп алып, шырқап тұрып, әсем қоңыр дауыспен ән бастады. Қекбай мен Шұбар мынандай оқыс мінезден қысылғандай қыбылжып, бір нәрсе айтқандай болысып еді. Абай тыныштық тілеп, екі қолын шапшаң сермединде, барлық топқа тыйым салып, Дәрменді тындауға бүйрек етті. Кепшілік үнсіз тұрып, құптағандай, үйіп тыңдаған қалды. Дәрменнің өзгеше мұңмен аса сезімтал ажар беріп айтқан әні амандық, бейбітшіліктегі айтылатын сауық әні тәрізді смес. Өлгендердің әруағына арналған дерпті жүрек жоқтауы сияқты. Жұзінің сыр толқыны көп әнши-ақын бүл топтың бәрінс мәлім бір әнді бастаса да, қазіргі айтуында соны осы сәтке аса бір орайлы саздай созады. Айтып тұрғаны Абай әні – “Көзімнің қарасы”.

Мағаш пен Кәкітай Абайға қосылып, Дәрменнің бүл оқыс қылығын сүйсіне түсінді. Таңданып, тамашалай қара-сады. Дәрмен ұзақ өлеңді түгел айтқан жоқ. Ынтық жүрек-тердің күліп тұрып, жан берсердей үзіліп айтқан арманды шерлерінен теріп, таңдаған айтты. Төрт ауыз жоқтау айтты да, жүдеп, құрсініп, тынып қалды.

Абай ақырын ғана атын бұрды. Семіз қоңыртебел ат жай ғана басып, тізгін соза бас изей түсіп, жүріп келеді. Өзгелер де қозғалған. Топ қатар келе жатқан. Орталарында екі қаршыға дүр-дүр сілкіністі. Екеуде жүргіншілердің алдынғы жағына қадала қарап, қомағай көздерінен үшқын-даған шабыт шашады.

Әлі де желісі үзілмеген ой сонында келе жатқан Абай жастарға тағы бір сөз тастады:

– Жә, сол Еңлікті буындырған арқан түйінінде тұншығып кеткен шер бар емес пе еді! Ең болмаса, бүгінгі күн осы мола мен сол жүрек сырын ел-жүртқа дат ететін шақ жетпеді ме?! Еңлік үнімен қызы жүргегі сыр айтса, Кебек тілімен ұл арманы, ер ашуы, ұлан жоғы жоқталса, болмас па?! Ақынсындар ғой. Мынау күздің тұнерген құнінде, тұңғылткендей күй мен саз келеді ескіден! Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан таппай, елдің, ердің күйкі жүдеу күйінен дс таппақ шарт! Жыр шындықлен туысса, шыңдан ақсан бұлақтай алыс өріс табады. Ендеше, осы естіген, қөрген жайдан жыр туғызыса нетеді? Қызығатының бар ма? – деді.

Абайдың аңғарын жақсы түйген Дәрмен бір байлауга бекініп те қойған екен. Сонысын енді айта бергенде, бұның алдына түсіп, Шұбар сөйлеп кетті:

– Абай аға, дәл осы жайды мен жазамын!

Өзінен бұрын айтушы болса да, Дәрмен тоқтаған жоқ:

– Абай аға, менің аузымдағы сөзімді Шұбар айтты. Мен де жазамын!

Шұбар жақтырмай, тыжырынып күле түсті:

– Сенің аузыңдагы сөзінді айтқам жоқ. Өзімнің ойымдағы байлауымды айттым. Сенің жазатыныңды менің айтатыным не? Өзім айттым, өзім жазам!

– Жоқ, мен жазам!

– Сен емес, мен жазам, – десіп, екі жігіт жарыса таласып, қызу үстінде тоқтай алмағанына Абай бастаған барлық топ қызығып қалды. Дәрмен өзінің дәлелін ойланып алып, көпшіліктің төрелігіне шаққысы келді:

– Екеуміздің таласымызға байлауын көп айтсын. Бірақ мен осы жайды жазатынымды, Шұбардың сөзбен айтқанынан бұрын, жаңа зират басында әнмен айтып қойғам жоқ па?! – деп еді. Бұнысын Мағаш мақұлдаپ, бас изеді. Шұбар ол сөзді қағытып, қалжың етті:

– Рас, жеңер ақынға бұл сөздің де орайы бар шығар. Бірақ әділетінді өзің айтшы, Дәрмен! Сен ол жерде өз жа-

ныңнан бір ауыз сөз айттың ба? Абай ағамның өлеңін ғана айтпадың ба? Ал, жазамын дегенді бұрын айтқан меммін.

– Сен тілмен айтсаң, мен ділмен, жүрекпен айттым! Сол Абай ағамның ғашықтық өлеңін өлі әруақтарға бағыштап айтқан жерде-ақ, сазым менен сезімім соларда екенін та-нытқам! Тәнірі-ай, біз ақын емеспіз бе?! Үнемі сөзben ұғындырып беру керек пе, емеурін де жетпей ме?! – деп, Дәрмен тағы да үткіңді дау бастады.

Бұл екеуінің таласына Көкбай даурыға күліп келе жатқан. Енді ол екі жігіттің сөзін бөлді. Өзі алдағы қыраттау бір тұсқа көз салып келе жатыр еді. Қазірде сығырая түсіп, көз салып қарап, бір нәрсені болжап алды да, үнді даусымен көтеріле сөйледі:

– Уәй, жігіттер! Сендердің өлең жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы. Қандай қанібет! Бірақ осы жерде кімнің жазатынына билікті мен айттайын ба?! – деп, сөл токтай берді. Екі жігіт:

– Айт! Айтыңыз! – десіп, кідіре қалды.

– Айт десен, мынау! Сонау қазотының қалың жерінде, анау қыратта бір топ дуадақ отыр. Қаршығаларың көріп келеді. Қазір, алыс та болса, екеуің де құстарыңды сол тұрғыға қатар жіберіңдерші! Шабыттың бәйгесін шабыт айырсын! – дегенде, Абай “бәрекелде” деп, Көкбайды тез қостады. Көкбай соңғы кесімін тағы айтты. Дуадақ жайы айтылғалы аңшы жігіттер ақырын сөйлеуді белгі етіп, іркіліп қалған-ды. Көкбай да дуадақтың сақтығын еске алып, енді ақырын ғана, дабырсыз айтты:

– Кімнің құсы бұрын барып, дуадақ ілсе, Еңлік-Кебек жыры сонықі болсын!

Топ иіріліп тұр еді. Шұбар мен Дәрмен билікке тоқтаса қалды.

– Болды!

– Жарайды!

– Ал, жібердік! – десіп, топтан алға таман жырыла бере, құстарын серпіп-серпіп жіберіспін қалды. Шұбар осы арада скі құстың ентелей кеткен ажарларына қарай сала, Абайға бұрылды. Енді асыға сөйледі.

– Ал, Абай аға! Осы билік байлау ғой?

Көкбай:

– Құстар ынталы кетті. Қазір, қазір сын! – деп, шабуға ыңғайланып еді, аңшылар “шаппа, шаппа!” деп, шапқызбай тоқтата берді. Дәрмен де Абай жауабын күтіп тұр. Абай бұл жерде бар топқа ойда жоқ бір оқыс сабыр көрсетті.

– Көкбайдың байлауы дұрыс! Бірақ менің тағы бір шартым бар. Құстарың ана дуадақты барып ілгенше, бір-бір ауыз тың өлеңді екеуің шауып келе жатып, қатар айтыңдар! – деді.

Бұл кезде барлық аттылар желе жөнеліскең. Шұбар мен Дәрмен Абайдың екі жағына шығып алған. Абайдың жаңағы байлауын Шұбар тез қостады:

– Жарайды, Абай аға, қаршыға жайында ма?

Барлық жастар саят қызығына қызумен берілсе дс, Абайдың ендігі ақындық бүйрекін анталай тосты.

Абай Шұбарға қарап:

– Жоқ, қаршыға емес! Сын болған соң, қысас сын болсын. Мен қапысыз шапшаңдықты тілеймін. Тапсыратыным, – деп, саспай, анық етіп, жарыс өлеңнің жайын айтты. – Қысқы аязды тұнде гүілдеп соққан жел үніне күй қосып, кәрі өже немересін қандай сөзбен жұбатады? Соны шапшаң жыр етіп беріндер. Ал, айт! – деді.

Шұбар Абайға қалта қарап, қиналғандай тұңғілді.

– Абай аға! Мынауыңыз сын емес, жаза ғой! – деп еді. Дәрмен осы кезде қатар жортып келе жатып, Абайға естірте, оқыс шапшаң өлеңді айта жөнелді. Шұбар өз сөзіне тыңдаушы құлақ таптағансын, әдейі іркілгенсіп, үнсіз қалды.

Мынау талас қаршығалар таласынан да төтенше. Копшілік қаршығаны қойып, мұндағы шабыт қаршығасының қанат қағысына қадалды. Дәрмен жұрттың тегіс ықылас аударғанын танып, желе жортып, шапшаң өлеңді соқтырып келеді. Абай ақсия, сүйсіне құліп, тымағын қолына алып, Дәрменге қарай қисая құлап, тыңдал қапты. Шабытты ақын жосыта жырлап келеді:

Талай да талай шапшаң бар шығар-ды,  
Үлгі етер шапшаң жырым қаршығамды.  
Ақ түтек, ың-шың, у-шу аяз тұнде,  
Көрі әже дәл былай деп зар шығарды:

“Гулей соққан ақ боран,  
Қорқытпа менің баламды!  
Балам әже қойнында,  
Келе алмайсың сен бұған!

Ұйқысынан айырма,  
Кезе бер есіз даланды.  
Ұйықта, бөпем, оянба,  
Әлдилеймін баламды!  
Әлди, бөпем, әлди-ай” –  
Деп жырласын көрі ана!  
Ұйқыға барсын сол бала,  
Тілесе тағы жырласын  
Жүз жыл бойы сол ана... –

деп, көзін алға қарай тастап жіберіп, сүйсінген жүрттың  
барлығына естірте, өлеңінің соңын айтады:

Қаршығам жемін іліпті,  
Абай аға, бер қара!

Дәрмен енді атына қамшы басып, құйықтыра жөнелді.  
Абайдың Дәрменге анық сүйсінген жолы осы еді.

– Бәсе! Шіркін, ақын болсаң осындай бол! – деді.

Өз ішінде, осы Дәрмен деген інісін “Абайға шәкірт етіп,  
жолдас етем” деп әкеп қосқан қарт Дәркембайға қазір Абай  
алғыс айтып келеді.

Шұбар Дәрменнен бұрын шауып кеткен-ді. Жүрт  
Дәрмен жырын тыңдағанда, ол өзін тыңдаушы болмай қал-  
ғанын сұлтау етіп, озып кеткен. Барлық топ енді түгел  
шапқан құйінде құстардың соңынан кетті. Озып барған

Көкбай еді. Ләктай бір дуадақты сарала жүнін жарқылда-тып басып қалған бір қаршығаның үстіне ағызып жетті де, тымағын бұлғап, арттағыларға айғай салды. Кейінгілер де тақау еді.

– Дәрмен! Дәрмен! Сүйінші! Еңлік жыры сенікі, – деді Көкбай.

Дәрмен шауып келе жатқан күйінде атынан домалай түсіп, құсына ұмтылды. Магаш пен Ақылбайлар да, қагылзез, шапшаң Баймағамбет те осы құстың үстіне үймелеп қалысты. Бөлек жерде жалғыз ғана Шұбар өз құсын айналып жүр. Ол дуадақ олжаланған көрінбейді. Мынау топ Дәрменнің дуадағын Ерболдың қанжығасына байлад, сінді түгелімен Шұбарға келді. Ол жүресінен отырып, қаршығасын етегімен қоршалай бүркел апты. Бұндағы жайды өзгеден бұрын Көкбай түйген еді. Енді Шұбарға қарал, қарқарқарқ күлді.

– Масқара! Шұбардың құсы дуадақ ілудің орнына, дуадақтан жапа шегіп, қорлық көріп қалыпты ғой! – деді.

Шұбар қаршығасын амалсыз жүртқа көрсетіп, қолына алды. Бұл қыранның үсті су, үрпіп қалыпты. Көкбай Шұбармен қатты қалжындасадатын әдетіне басып:

– Басына дуадақ саңғып кетіпті. Апрай, жақсы талап үстінде, мынау жаман шәулінің ырымы қалай жаман еді, Шұбар! – деп, тағы күлді. Шұбар сөз қатпаса да ызаланып, Көкбайға салқын көз тастап, сырт айналып, атына міне берді. Абайдың Шұбарға жаны ашығандай болды.

– Олай деме, Көкбай! Қаршыға өзге жаман құс емес, ашу мен намыстың жын оты өзінде де мол. Не жаманат болса, өз басына. Шұбар, сен қынжылма! – дсп, сінді топқа бұрылды.

– Ал, бірақ, жыр Дәрмендікі. Дәрмен, сен жазасың! – деді.

Әлі де шабытты, желікті Дәрмен енді балаша бір қуаныш білдіріп, астындағы ақ бедеуін өзі дағдыландырып, үйреткен қалпына салып, шаужайлап, тебінгендеге, ақ бедеу мұның қуанышын қостағандай шапшып, қос аяқтап шан-

шылып тұрып қалды. Шаңқан боздың үстінде Дәрменнің куанып, ақсия құлғен жүзі қызықтырғандай. Жас жалынын атқандай. Қолындағы көк қаршығасы да болаттай жалын ойнап, талпына ұшып, шабытқа тіленеді.

Осы кезде күздің баяу күні көтеріле түсіп, қызғылт сәуле берді. Шапшыған ақ бедеудің үстінде талпынған қаршыға ұстап, құліп тұрған нұрлы жігіт қызғылт күннің шұғыласына малынды.

Орі шабыт шалған, әрі күн шұғыласы шалған шапшыған жігіт Абай көзіне ақ мәрмәрдан ойылған, әсем біткен тас тұлғадай көрініп еді.

## II

Бүгін де күз аспаны күңгірт, айнымалы ала бұлт болатын. Абай мен Эйгерімнің бұл кезде тіккен үйлері “қоңыр үй” деп аталады. Күз кезінде тігілестін күзектік жай. Қазір сол үлкен “қоңыр үйдің” ішінде Абай мен Эйгерімнен басқа Зылиқа бар. Ол үй ортасына сары қидың отын жағып, үлкен қазан көтеріп, жаңадан сойылған тайдың етін түстікке асып жатыр.

Үй іші күзектің сұық күндеріне бейімделіп жиналған. Биік төсек, жүкаяқтар жоқ. Мол жастық, қалың көрпелі жергөсек пен айнала тұтқан қалың тексемет, тұскиіз, кілемдер бар. Төр жақта сырмақ үстіне салынған арқар терісі, жүні ұзын сенсөң бөстектер жатыр. Іргеден жел соқпастай стіп қымталып-шымқанған жылы жайдың қонақ отыратын орындары да сыз өткізбес қалың. Маздап жанған қидың оты қызыуын үлкен үйге кен жайып, даланың салқынын бұл мекенге кіргізбей тұр.

Таңертенгі асты ішкен соң, жаңа, жеңіл күпіні иығына жамылып, басына лақ терісі жеңіл бөрік киіп, Абай қалың кітаптар оқиды. Бұның қасында дағдылы Пушкин, Лермонтов мұралары мен Байрон, Гете томдары да аралас жатыр. Кітапты Абай бұл шақта көзілдірікпен оқиды.

Эйгерім отқа жақындан отырғандықтан, өнді ажарлашып, балқығандай қызара тұскен. Үстіндегі қалың қара

жібекпен тысталған пүшпақ ішігінің айналасына жалпақ құндыз ұстатқан. Ишігінің сөнін бұрама құміс түймеге орнатылған үлкен кесек қызыл коралдар<sup>1</sup> ерекше ажарлап түр. Басындағы кимешек шаршысы да ұқыпты сәнмен тартылған, кіршіксіз аппақ.

Бұл қүнде тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі, әсіресе, көркейткендей. Әйгерім Абайдың қыс кистін тұлкі тымағын тігіп отыр. Абай кітап оқыса да, тыстағы құннің райын анда-санда шаңыраққа қарап, жи барлайды. Таңертеңгі шайдан бері кіріп, шығып жүрген Зылиқадан екі рет:

— Күн қалай? Бұлт қалай? Күн ашылатын реңі бар ма? – деп, сұрай берген.

Таңертеңгі астарын өзді-өз отауларында ішкен Магаш, Ақылбайлар мен қонақтар енді ғана Абайдың үстіне келіп, кіріспін жатыр.

Бұл ауылдың өз адамы бол кеткен дағдылы қонақтары: Ербол, Көкбай, скрипкашы-әнші Мұқа, Баймағамбеттер бөлек бір топ бол кірді. Бұл топ – Абайдың өз үйінің қонағы.

Дәрмен, Кәкітай және жас әнші Әлмағамбет болса – Магаш отауының қонағы. Ербол Абайдың төр жағынан, өзінің дағдылы орнына кеп отырғанда, Абай одан да:

— Күн қалай? Айығып, ашылатын ба? – деп, тағы сұрады. Көзінен көзілдірігін алып, кітап бетін жауып, енді үй ішіне көңіл бөлгендей. Әйгерім Абайдың жүзіне күлімсіреп қарады да:

— Абай-ау, жұт жылғы аязды құнді сұрагандай, тан атқаннан бері қайта-қайта құнді сұрай беретінің қалай? – деп, ақырын сыңғырлап күлді.

Абай Әйгерімге жалт етіп қарады да, сүйсініп тамаша-лағандай бол қалды. Әйгерімнің жүзі қазіргі сәтте ағы – ак, қызылы – қызыл бол, нұрлана балқып түр. Құміс қоңыраудай күлкісі де күн күйінен, көңіл кірбенінен аулақ. Мамыр-

<sup>1</sup> Тенізге бітетін асыл. Сәндікке тағылады.

дың ашық-жарқын көктем таңындағы екен. Абай бұған қарап, күлгөн жүзін көп тоқтатып тұрып, әзіл қатты:

– Рас-ая, мен күн райын көп сұраппыш-ая! Оны сұрағанша, сенің жүзіне қарасам етті. Тыс қанша көріксіз болса да, қоңыр үйдің өз күні балқып тұр екен гой! Шұғыла атып тұрғанын қараши, Ербол! Қандай күз жүдегендегі мына жүзді? – деді. Әйгерімнің өні бұрынғысынан да қысыла қызарды. Сыпайы, үяң үнді күлкісі естілді.

Құлкі аяғын Әйгерім Зылиқа жаққа бұрып, кірген қонақтарға қымыз әкелуге бүйірдь. Жаңа көк дастарқан жайылды. Үлкен қамыс тегенеден сылдырмақты құміс ожаумен құйылған көп сары тостағандағы қымыз Абайдың өзінен бастап, үй ішіндегі қонақтың бәрін жағалады.

Құздің ақшыл тартқан қою қымызы бүгін ерекше жақсы ашыған екен. Салқын тұндерде шала ашып, саумалдау бол тұратын бір қымыздар болушы еді. Бүгін олай емес, алғашқы тостағанды тамсанып ішкен қонақтардың бәрі де: “бүгін қымыз жақсы ашыған екен!”, “нағыз қоймалжың, үршін жығар қымыздың өзі екен!” – десіп мақтаулар айтысады.

Асылып жатқан ет, маздал жанған от, қою қымыз – бәрі де қонақтар көңілін көтере түскендей. Абайдың бүгінгі мәжілісі күйлі мәжіліс болғандай.

Кешегі Еңлік пен Кебек жайы бұл жиынның әр адамына әр толқын ой салғаны бар. Абай үйіне келмestен бұрын Көкбай, Ербол, Мұқа, Баймағамбет осы жайды “ұранқай” деген қонақ үйде жатып, ертемен әңгіме етіскең-ді. Бұлар арасында Еңлік-Кебек оқиғасын Ербол жақсы біледі екен. Ол Кеңірбай “ісін” Тобықтының аздығынан, әлсіздігінен істелген амалсыз бір байлау деп баяндаған. Бұл үйдегілердің кесесінде оншалық дау-дудемал болған жоқ. Өткениң бір естегісі ғана бол баяндалған.

Осы жайдағы анық қызу кенес кеше кеш бойында, бүгін таңертсөнгі шайда да Мағаштың отауында қозғалған. Онда Ақылбай, Мағаш, Көкітай мен Дәрмен барлығы да, кешегі Абай мәлімдеген аз әңгімс айналасында көп ойлар, көп

қиялды болжаулар айтысқан. Аяныш, жиреніштей, ызанамыстай отты сезімдерге бой ұрып, неше алуан толқысқан-ды.

Қызу шабытты талас үстінде Мағаш пен Дәрмен бірталај желілі әңгіме еспелеп, дамытып ойласқан. Тек екеуінің де қиналып кеп тірелген, шеше алмаған бір жайы бар. Бұларға шешуі қыын түйін болып қалған, Абай айтқан: “өмір шындығы”. Сол “шындықты тауып ашып, басып жырла” деген тәрізді еді аға ақын. Дәрмен осы жұмбақты шешемін деп, бір болжау айтқан.

– Абай ағамның “шындық” дегені маған Кеңірбай турасында нұсқалған сөздей сезілді. “Осы елдің әруағы” болған Кеңірбайды құр “жарықтық еді” деп, “басқан ізінен садаға” деп жырлама! “Шынды айт. Мінді сыры болса, оны да қосып, ашып айт” – дегендей көрінді! – деген.

Еркіне салса, Дәрмен Кеңірбайды өзі естіген шын оңгімелер бойынша сынға салып, мінеп көрсеткендей. Мағаш “осы жөндегі кеңестің дәл Кеңірбай тұсына келгенде, қыын бір тығырыққа тірелетіні бар” көреді. Бұл ретте ол:

– Әуелі, шындық дегеннің өзі не? Көпшілік бас шұлғып, құптаң жүрген жайды “шындық” дейміз бе? Солай деп білсек, онда Кеңірбайдың жолына шырақ жағып түнегеннен басқа жоқ. Бірақ “шындық” тек көптің құптағанығана ма? Олай болмас. Жалпы “хақиқат” деген көптің айтқанын гана қостаушы болмаса керек. Қайта сол көптің адасқанын ашып, тыңға бастайтын болса керек. Жә, сол хақиқат осы тұста неменеде?! – деп, бір сауал қойған.

Ақылбай жай сөйлеп, шабан ойлайтын әдеті болса да, осындај жайларды өзгелерден тереңірек алып, түпкірлеп ойлаушы еді. Ол өзінің Ділдә даусына ұқсастау, гүжілден-кіреп шығатын салмақтың үнімен жаңағы екі жас, іні-достарға көлденең бір сөз тастаған.

– Мен Кебек, Кеңірбай жайығана емес, басқа бір ойдамын. Әуелі, осы хақиқат дегеніміздің өзі не? Мәңгі-бақи һәр заман, һәр ғалам, һәрбір қауымға түгел ортақ, айнымай тұратын хақиқат деген бар ма өзі, жоқ па?! Сол сияқты